

Кеше облыстық әкімдікте жерлесіміз, еңбек ардагері, әр жылдары онірімізде лауазымды қызметтер атқарған облысымыздың құрметті азаматы Иван Чиркалинге 70 жасқа толуына байланысты құрмет көрсетілді. [buy cialis ebay](#) [cialis buy generic levitra](#) [fake generic cialis](#) [buy cialis brisbane](#) [cheap real cialis](#) [price of cialis](#)
argaiv1797

Облыс әкімі Құмар Ақсақалов есімі солтүстікқазақстандықтарға жақсы таныс азаматты туган күнімен құттықтап, оның облыс пен қаланың дамуына, өркендеуіне сіңірген еңбегіне тоқталды.

– Қызылжарлықтар сізді қоғам қайраткері, білікті басшы ретінде жақсы біледі әрі құрметтейді. Сіз көп жыл бойы жемісті еңбек еттіңіз. Өмірлік соқпағыңыз аса жауапты қызметтік лауазымдарға алып келді. Өрдайым сенім үдесінен шығып, кемел біліміңіз бен бай тәжірибеніңізді еліміздің Тәуелсіздігін нығайту ісіне арнай білдіңіз. Зейнет демалысында жүрсеніз де облысымыздың қоғамдық өміріне белсене араласып келесіз. Осы еңбектеріңіздің жемісін өз ағыннан көріп, балаларыңыз бен немерелеріңіздің мейір-шапағатына болса беріңіз, – дей келе, Құмар Іргебайұлы еңбек ардагеріне кәдейсыйларын салтанатты түрде табыстады.

Иван Федорович Мамлют ауданындағы Михайловка ауылында туган. Қазіргі Екатеринбург қаласындағы С.М.Киров атындағы Орал политехникалық институтын инженер-экономист мамандығы бойынша тамамдаған. Петропавл ауыр машина жасау зауытында еңбек жолын бастаған жерлесіміз 20 жылдың ішінде болым басшысы дәрежесіне дейін көтерілді. 1989 жылы облыстық атқару комитетінің бас жоспарлау-экономика басқармасы басшысының бірінші орынбасары, ал екі жылдан кейін облыстық экономика жөніндегі басқарма төрағасы болып тағайындалды. 1993-1996 жылдары облыстық экономика басқармасының төрағасы, облыс әкімшілігі басшысының орынбасары, облыс әкімінің орынбасары қызметтерін атқарды. 1999-2012 жылдары аралығында Парламент Мәжілісінің депутаты болды. Экономика ғылымдарының кандидаты көпжылғы елеулі еңбегі үшін “Парасат” және үшінші дәрежелі “Барыс” ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Шара барысында туган күні иесінің қуанышын бөліскен достары әрі қызметтестері сөз

алып, Иван Федоровичтің өмір жолын, адал атқарған қызметін тілге тиек етіп, жүректен шыққан құттықтауларын жеткізді.

Канат АТАМАНОВ,

“Солтүстік Қазақстан”.